

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттарына

2023 жылғы 21 қыркүйектегі
№ № ДС-327 сауалға

Құрметті депутаттар!

Қалдықтарды басқару мәселесі бойынша депутаттық сауалды қарастырып, мынаны хабарлаймын.

***ЕсоQoldau* цифрлық платформасы арқылы қайталама шикізатты жинау мен өңдеуді субсидиялауға қатысты (импорттаушылардың) өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері операторының («Жасыл Даму» АҚ) жұмысын жаңғыртуға қатысты**

Экология кодексіне мамандандырылған ұйымдарды субсидиялау тәртібін және субсидиялаудың тиісті мөлшерін бекітуге арналған құзыретін беруді көздейтін түзетулер енгізілді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін нормативтік құқықтық актілердің тиісті жобаларын қабылдау және 2024 жылдың басында осы жұмысты қайта бастау жоспарлануда.

Экологиялық, санитариялық және құрылыс нормаларын ескеретін тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын салудың бірыңғай қағидаларын әзірлеуге қатысты

Әкімдіктер экологиялық, санитариялық және құрылыс нормаларын ескеретін құрылыс жобаларының мемлекеттік банкінде орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар полигондарын (бұдан әрі – ҚТҚ) салу жобаларын қолдана алады.

Мәселен, осы жобалар банкінде қайта пайдалануға дайын 463 құрылыс жобасы, оның ішінде әртүрлі қуаттылықтағы ҚТҚ полигондарының 18 жобасы бар.

Осылайша, осы жобаларды қайта қолдануды ескере отырып, ҚТҚ полигондарын салудың бірыңғай ережелерін әзірлеу қажеттілігі жоқ.

Сонымен қатар, Үкімет техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді талап етпейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін қайта қарады, оған халық саны 50 000 адамға дейінгі елді мекендер үшін ҚТҚ полигондарын

салу жөніндегі жобалар енгізілді (*Үкіметтің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 879 қаулысы*), бұл бюджет қаражатын үнемдеуге және ҚТҚ полигондарын салу мерзімдерін қысқартуға мүмкіндік береді.

Жергілікті атқарушы органдарға жаңа тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын салуға және бұрыннан бар полигондардың жағдайын талапқа сәйкес келтіруге қаражат бөлініп, инвестициялар тартуға қатысты

Үкімет жаңа ҚТҚ полигондарын салу және жұмыс істеп тұрған полигондарды кеңейту, сондай-ақ оларды экологиялық және санитарлық нормаларға сәйкестендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті, оған 100 жаңа ҚТҚ полигондарын салу және қолданыстағы 8 полигонының қуатын кеңейту, сондай-ақ 5 полигонды рекультивациялау кіреді.

Сонымен бірге, өңірлердің кешенді жоспарларын орындау шеңберінде ҚТҚ полигондарын салуға республикалық бюджеттен қаражат көзделеді.

Бұдан басқа, әкімдіктер қалдықтарды көму объектілерінің құрылысына жеке инвестициялар тарту бойынша жұмыс жүргізуде.

ҚТҚ көлемі мен полигондар санының деректерін жинау мен өңдеудің бірыңғай және дұрыс есебі әзірлеуге қатысты

Бүгінгі күні қалдықтарды басқару саласында есептіліктің келесі түрлері бар:

1) қалдықтардың мемлекеттік кадастры (*бұдан әрі – Кадастр*) шеңберінде қалдықтарды түгендеу бойынша есептілік жүргізіледі. Кезеңділік – жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 наурызына дейін. Респонденттер-барлық объект операторлары. Қалдықтардың түрлері – классификацияға сәйкес қауіпті және қауіпті емес қалдықтар;

2) әкімдіктердің коммуналдық қалдықтарды әкетумен қамтылған халықтың саны, қайта өңдеу және ҚТҚ полигондарының жай-күйі бойынша есебі. Жиілік – тоқсан сайын. Респонденттер – қоқыс шығаратын ұйымдар, сұрыптау және қайта өңдеу кәсіпорындары, полигондар.

Қалдықтардың мемлекеттік кадастры шеңберінде ұсынылатын объектілер операторларының мәліметтерін толтыру мақсатында «Қазақстан Республикасының қоршаған ортасы мен табиғи ресурстарының жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде қалдықтарды түгендеу бойынша есептілікті ұсынудың барлық бизнес процесін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Кейіннен аталған есептілік ұсынуға міндетті барлық объектілердің айқындау үшін Әділет, қаржы министрліктерінің және Ұлттық статистика бюросының ақпараттық жүйелерімен интеграция жүргізу жоспарлануда.

Электр энергиясы мен биогаз (биологиялық шірінді) алу, кәдеге жарату үшін тұрмыстық қатты қалдықтардан биогаз алу саласындағы жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыстарды қолға алуға қатысты

Қазіргі уақытта республикада 4 биоэлектростанция/биоқондырғы жұмыс істейді.

Сонымен, Батыс Қазақстан облысында «Demtec Solutions» ЖШС тамақ қалдықтарын қабылдайды және биоконверсия әдісімен экспресс-ашыту арқылы биокомпост алады; Қызылорда облысында «Қызылорда Тазалық» ЖШС тамақ қалдықтарынан компост алады; Қостанай облысының Лисаковск қаласында

«Илин» ЖШС қызыл Калифорния құрттарын отырғызу және биогаз алу арқылы тамақ қалдықтарын компосттау жүргізілуде; Қостанай облысының Қарасу ауданында «Караман – К» ЖШС биогаз қондырғысы бар.

Сондай-ақ, 1 Батыс Қазақстан облысында және 2 Қарағанды облысында биогаз ала отырып, тамақ және органикалық қалдықтарды кәдеге жарату үшін 3 биоэлектростанция салу жоспарлануда.

Бұдан басқа, ҚТҚ полигондарының меншік иелері Қарағанды және Алматы облыстарында электр энергиясын өндірумен ҚТҚ полигондарын газсыздандыру бойынша жобаларды іске асыруды жоспарлап отыр.

Тұтастай алғанда, бұл мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында және тиісті жұмыс жалғасатын болады.

Р. Скляр

Еденбаев А., 74-52-15

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-327
от 21 сентября 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно вопросов по обращению с отходами, сообщаю следующее.

Касательно возобновления работы оператора расширенных обязательств производителей (импортеров) (АО «Жасыл Даму») по субсидированию сбора и переработки вторичного сырья через цифровую платформу EcoQoldau

В Экологический кодекс внесены поправки, предусматривающие компетенцию по утверждению порядка субсидирования специализированных организаций и соответствующих размеров субсидирования.

До конца текущего года планируется принять соответствующие проекты нормативных правовых актов и в начале 2024 года возобновить данную работу.

Касательно разработки единых правил строительства полигонов твердых бытовых отходов, учитывающие экологические, санитарные и строительные нормы

Акиматы могут применять проекты строительства полигонов твердых бытовых отходов (*далее – ТБО*), находящиеся в Государственном банке проектов строительства, учитывающие экологические, санитарные и строительные нормы.

Так, в данном банке проектов находятся 463 проекта строительства, готовые к повторному применению, из них 18 проектов полигонов ТБО разных мощностей.

Таким образом, с учетом повторного применения данных проектов отсутствует необходимость разработки единых правил строительства полигонов ТБО.

Вместе с тем, Правительством пересмотрен перечень бюджетных инвестиционных проектов, не требующих разработки технико-экономического обоснования, куда включены проекты по строительству полигонов ТБО для

населенных пунктов с численностью населения до 50 000 человек (Постановление Правительства от 5 августа 2014 года № 879), что позволит сэкономить бюджетные средства и сократить сроки строительства полигонов ТБО.

Касательно выделения средств местным исполнительным органам и привлечения инвестиций на строительство нового полигона ТБО и приведение состояния существующих полигонов в соответствие с требованиями

Правительством утвержден План мероприятий по строительству новых и расширению мощностей действующих полигонов ТБО, а также приведению их в соответствие с экологическими и санитарными нормами, который включает строительство 100 новых полигонов ТБО и расширение мощностей 8 действующих полигонов, а также рекультивацию 5 полигонов.

Вместе с тем, в рамках исполнения комплексных планов регионов предусматриваются средства из республиканского бюджета на строительство полигонов ТБО.

Кроме того, акиматами ведется работа по привлечению частных инвестиций на строительства объектов по захоронению отходов.

Касательно разработки единых и достоверных расчетов сбора и обработки данных об объемах ТБО и количестве полигонов

В сфере управления отходами имеются следующие виды отчетности:

1) в рамках Государственного кадастра отходов ведется отчетность по инвентаризации отходов. Периодичность – ежегодно до 1 марта года, следующего за отчетным периодом. Респонденты – все операторы объектов. Виды отходов – опасные и неопасные отходы согласно классификатору отходов;

2) отчеты акиматов по количеству населения, охваченных вывозом, переработкой коммунальных отходов и состоянию полигонов ТБО. Периодичность – ежеквартально. Респонденты – мусоровывозящие организации, сортировочные и перерабатывающие предприятия, полигоны.

В целях наполнения сведений от операторов объектов, предоставляемых в рамках Государственного кадастра отходов, ведется работа по автоматизации всего бизнес процесса предоставления отчётности по инвентаризации отходов в информационной системе «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов Республики Казахстан». В последующем планируется провести интеграцию с информационными системами министерств юстиции, финансов и Бюро национальной статистики для определения всех объектов, обязанных предоставлять указанную отчетность.

Касательно реализации проектов в области получения электроэнергии и биогаза (биологической гнили), извлечения биогаза из твердых бытовых отходов для утилизации

На текущий момент в республике действует 4 биоэлектростанций/биоустановок.

Так, в Западно-Казахстанской области ТОО «Demtec Solutions» принимает пищевые отходы и получает биокомпост путем экспресс-ферментации методом биоконверсии; в Кызылординской области ТОО «Қызылорда тазалығы» из

пищевых отходов получает компост; в городе Лисаковск Костанайской области ТОО «Илин» ведется компостирование пищевых отходов посредством посадки красных калифорнийских червей и получение биогумуса; в Карасуском районе Костанайской области ТОО «Караман - К» имеет биогазовую установку.

Также, планируется строительство 3 биоэлектростанций: 1 в Западно-Казахстанской области для утилизации пищевых и органических отходов с получением биогумуса и 2 в Карагандинской области.

Кроме того, собственниками полигонов ТБО в Карагандинской и Алматинской областях планируется реализация проектов по дегазации полигонов ТБО с выработкой электроэнергии.

В целом, данные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства и соответствующая работа будет продолжена.

Р. Скляр